



БАС ПРОКУРАТУРА

**ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ
ҚОРҒАУ МЕН СҮЙЕМЕЛДЕУДЕГІ
ПРОКУРАТУРА
ОРГАНДАРЫНЫҢ РӨЛІ**

МАЗМҰНЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ

2023 жылғы 19 сәуірдегі Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінен үзінді **2**

«Инвесторлардың құқықтарын қорғау және активтерді қайтару саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру туралы»
ПРЕЗИДЕНТТИҢ 2025 ЖЫЛҒЫ 17 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ №1125 ЖАРЛЫҒЫ ... 3

БАС ПРОКУРОРДЫҢ

2025 жылғы 25 желтоқсанда өткен ведомствоаралық кеңесте берілген тапсырмасы **4**

ИНВЕСТИТОРЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ КОМИТЕТІ

Жаңа Комитеттің функциялары **5**

ИНВЕСТИТОРЛАР ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ НЕГІЗГІ ТЕТІКТЕРІ

«Прокурорлық сүзгі» **7-8**

Ұлттық цифрлық инвестициялық платформа..... **9-10**

Инвестициялық жобаларды сүйемелдеу **11-12**

ӨҢІРЛЕРДЕГІ ТӘЖІРИБЕ

Прокурорлық сүйемелдеу нәтижесінде өңірлерде іске асырылған инвестициялық жобалар **13-37**



Қасым-Жомарт Тоқаев
Қазақстан Республикасының
Президенті

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ 2023 ЖЫЛҒЫ 19 СӘУІРДЕГІ ЕЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕЙТІЛГЕН КЕҢЕСТЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНДЕ

«Әрбір маңызды инвестициялық жобаны прокуратура органдарының қызметкерлері тарапынан сүйемелденуін бекіту қажет деп санаймын. Бұл ұжымдық жауапкершілік жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді және мемлекеттік қызметшілерді дұрыс емес шешім қабылдау қаупінен арылтады.

Мұндай шара инвестиция тарту жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыруға және шетелдік кәсіпкерлер инвестицияларының қауіпсіздігіне кепіл болуы тиіс. Инвестициялық жобаларды прокурорлық сүйемелдеу практикасы әлемде бар. Бұл бұрыннан бар практика. Оның барлық оң қырларын ескере отырып, біз оны Қазақстанда қолдануымыз керек.

Прокурорлық сүйемелдеу қандай да бір жобалардың іске асырылуына кедергі келтіру үшін емес, керісінше, инвестициялық жобаның табысты дамуы үшін оны қалай тиімді жүзеге асыру керектігін көрсету мақсатында қажет.

Осының барлығы еліміздегі инвестициялық ахуалды жақсартуға ықпал етеді деп есептеймін. Ал Қазақстандағы инвестициялық ахуалды жақсарту – стратегиялық маңызы бар міндет» делінген.



**Инвесторлардың құқықтарын қорғау және активтерді қайтару саласында
мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру туралы
Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы
17 желтоқсандағы № 1125 жарлығы**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 5) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 17-1-бабы 2-тармағының 1) және 3) тармақшаларына сәйкес

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Инвесторлардың құқықтарын қорғау деңгейін арттыру мақсатында инвестициялық омбудсмен функцияларын Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры жүзеге асырады.

2. «Бас прокуратураның Активтерді қайтару жөніндегі комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі «Бас прокуратураның Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын, қайта ұйымдастырылған Активтерді қайтару жөніндегі комитеттің «Прокуратура туралы» Конституциялық Заңның 11-1-бабында және «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Заңда көзделген функциялары мен өкілеттіктері Бас прокуратураға берілсін.

3. Бас прокуратура берілетін функциялар мен өкілеттіктердің шегінде Активтерді қайтару жөніндегі комитеттің құқықтары мен міндеттемелерінің құқықтық мирасқоры болып айқындалсын.

4. Қоса беріліп отырған:

1) Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитеті туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі Бас прокуратура және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, осы Жарлықты іске асыру бойынша, оның ішінде тиісті нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

6. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

7. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан
Республикасының
Президенті

Қ. Тоқаев

Астана, Ақорда, 2025 жылғы 17 желтоқсан
№1125



көшірме



Асыллов Берік Ноғайұлы
Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры

БАС ПРОКУРОРДЫҢ 2025 ЖЫЛҒЫ 25 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ

кеңесте берген тапсырмасы

Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитетінің міндеттері ретінде:

- Инвестициялар саласындағы жоғары қадағалау
- Инвесторлардың құқықтарын қорғау, оның бұзылуының жолын кесу және алдын алу
- Инвесторлардың құқықтарының бұзылуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың салдарларын анықтау және жою
- Аталған салада басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыру
- Инвесторлардың қатысуымен дауларды сотқа дейінгі тәртіппен реттеу айқындалсын.

ИНВЕТОРЛАРДЫҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫН
ҚОРҒАУ КОМИТЕТІНІҢ
ФУНКЦИЯЛАРЫ



Ұлттық цифрлық инвестициялық платформа арқылы инвестициялық жобаларға мониторинг жүргізу



Жеке прокурорды бекіту арқылы инвестициялық жобаларды іске асырудың барлық кезеңдерінде сүйемелдеу



Мемлекеттік органдар мен инвесторлар арасындағы дауларды сотқа дейінгі тәртіппен реттеу



Бұзушылықтарды жедел жою мақсатында орындалуы міндетті нұсқамалар енгізу



Инвесторлардың жүйелі/кідіріссіз проблемаларын дереу шешу жөнінде Инвестициялық штабқа қорытынды жолдау



Инвестициялық омбудсменнің қызметін қамтамасыз ету

НЕГІЗГІ ТЕТІКТЕР

1

«Прокурорлық сүзгі» – қабылданатын шешімдердің негізділігі мен салдарларын прокурордың міндетті түрде бағалауы арқылы мемлекеттің инвестициялық қызметке араласуының заңдылығы мен мөлшерлестігін қамтамасыз ететін превентивтік қадағалау жүйесі

2

ҰЛТТЫҚ ЦИФРЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПЛАТФОРМА – құру, басқару және техникалық қолдауды инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асыратын инвестициялық жобаларды кешенді сүйемелдеуге арналған бірыңғай ақпараттық жүйе

3

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ СҮЙЕМЕЛДЕУ – инвестициялық жобаларды іске асыру барысында заңдылықты қамтамасыз етуге, инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, әкімшілік және өзге де кедергілердің алдын алуға және оларды жоюға, сондай-ақ заңнаманың бұзылуына уақтылы ден қоюға бағытталған прокурорлық қадағалау мен үйлестіру шараларының жиынтығы

ТЕКСЕРУ



СОТҚА
ТАЛАП
ҚОЮ

ӘКІМШІЛІК
ҚҰҚЫҚ
БҰЗУШЫЛЫҚ



ШАҒЫМ
ЖАСАУ



ПРОКУРОРЛЫҚ СҮЗГІ



ПРОКУРОРЛЫҚ СҮЗГІ

ПРОКУРОР:

- тексерулерді тағайындау туралы
- әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғау туралы
- сотқа талап қоюларды беру туралы
- қызметті тоқтата тұру, лицензияларды кері қайтарып алу, оларды ұзартудан бас тарту, келісімшарттарды біржақты тәртіппен бұзу және т.б. тыйым салу-шектеу сипатындағы шараларды қолдану туралы мемлекеттік органдардың шешімдерін келіседі



«ПРОКУРОРЛЫҚ СҮЗГІДЕН» 3 ЖЫЛДА

28 000

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАННЫҢ ШЕШІМІ ӨТТІ

КЕЛІСУДЕН БАС ТАРТЫЛДЫ:

436

әкімшілік құқық бұзушылық ісін қозғауға

460

инвесторға қатысты тексеру тағайындауға

225

тыйым салу-шектеу сипатындағы шара қолдануға

33

инвесторға қарсы талап қою беруге

ОҢ НӘТИЖЕСІ

инвесторларға қатысты сот дауларының саны **30%**-ға азайды
инвесторларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық істердің саны **10%**-ға қысқарды
бизнес өкілдерінің прокуратура органдарына сенім деңгейі, **70%**-ға жетті



ҰЛТТЫҚ ЦИФРЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПЛАТФОРМА



ҰЛТТЫҚ ЦИФРЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПЛАТФОРМА

ПЛАТФОРМАДА МЫНАЛАРДЫ:

- инвесторлардың тізілімін
- инвестициялық ұсыныстарды
- инвестициялық жобаларды іске асыру кезеңдері мен мерзімдерін
- проблемалық жобалардың тізбесін
- мерзімі өткен тапсырмалар бойынша өңірлердің рейтингін
- прокурорлық сүзгіні қамтиды

ҰЦИП МҮМКІНДІКТЕРІ АРҚЫЛЫ ПРОКУРОРЛАР «ОНЛАЙН» РЕЖИМДЕ:



жалпы құны **96,7** трлн теңгені құрайтын
шамамен **2 822** инвестициялық жобаның
іске асырылуына мониторинг жүргізеді



мемлекеттік органдардың
міндеттемелерінің орындалуын
бақылайды



рұқсат беру құжаттарын алу процесін
жеделдетеді



**ИНВЕСТИЦИЈАЛЫҚ
ЖОБАЛАРДЫ
СҮЙЕМЕЛДЕУ**





ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ СҮЙЕМЕЛДЕУ

Сүйемелдеудің мәні:

- инвестор мен жеке прокурор арасындағы тұрақты байланыс
- жобаны іске асырудың ағымдағы мәртебесін қадағалау
- құқықтық қолдау көрсету, оның ішінде «бір терезе» қағидаты бойынша өңірлік фронт-офистер арқылы көрсету
- жобаны іске асырудың барлық кезеңдерінде, өтінім берілген кезден бастап жобаны пайдалануға енгізуге дейін инвесторлардың құқықтарының бұзылуына жедел ден қою
- жүйелік мәселелерді шешу бойынша мүдделі мемлекеттік органдардың ведомствоаралық үйлестіруін қамтамасыз ету

ИНВЕСТИЦИОННО-ПРОЕКТНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО ПО РЕЗУЛЬТАТАМ РАБОТЫ



Инвестиция көлемі **30,7** трлн теңгені
құрайтын **2 332** инвесторға көмек
көрсетілді

270-ден астам жоба іске қосылып,
30 мың жұмыс орны ашылды



Жүктемесі төмен және тоқтап тұрған
23 кәсіпорынның тиімді қызметі қайта
жанданды




Өңірлік деңгейде **40**-тан астам
жиі кездесетін мәселе шешілді



Әкімшілік кедергілерді жасанды түрде жасағаны
үшін **398** астам лауазымды адам әртүрлі
жауаптылық түрлеріне тартылды.

Инвестицияларды қорғау мен сүйемелдеудегі прокуратура органдарының рөлі



**ПРОКУРОРЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ
НӘТИЖЕСІНДЕ ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША
ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР**

АБАЙ ОБЛЫСЫ

3 жылда прокурорлардың, мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың көмегімен **12 жоба** іске қосылды.



«Семей Құрылыс Материалдары» ЖШС фиброцементтік фасад плиталарын өндіруге арналған өндірістік желіні салу бойынша инвестициялық жобаны жүзеге асырды. Жобаның құны – 2,5 млрд теңге, салық түсімдері – 400 млн теңге, жұмыс орындарының саны – 100.

Кәсіпорында шикізатты жеткізу мәселелері туындады.

Тау-кен пайдалану лицензиясының болуына қарамастан, инвестор ұзақ уақыт бойы өндіру үшін жер учаскесін ала алмаған.

Прокуратураның араласуынан кейін зауытқа жер беріліп, өндіріс көлемі 3 есе ұлғайды (500 м²-ден 1500 м²-ге дейін).



ИНВЕТОР К.И. МҰҚАТОВТЫҢ ПІКІРІ



«Ел Президенті мен Бас Прокурордың инвестицияларды қорғау және адал бизнесті қолдау бағытында жүргізіп отырған саясаты Абай облысында нақты іс жүзінде айқындалды.

Облыс прокуратурасына шикізат өндіру үшін жер учаскесін алу мәселесін шешуге көрсеткен жәрдемі үшін алғысымызды білдіреміз.

Көрсетілген көмек өндірістің тоқтауын болдырмауға және жұмыс орындарын сақтауға мүмкіндік берді. Уақтылы қолдаудың нәтижесінде кәсіпорын өндіріс көлемін 3 есе арттырды.

Біздің мысалымыз прокуратура органдарының инвестициялық климатты жақсарту және инвесторлардың мемлекеттік органдарға сенімін нығайту бағытында атқарып жатқан ауқымды жұмысының айқын дәлелі».



AQMOLA

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

3 жыл ішінде прокурорлардың, мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың көмегімен **15 жоба** іске қосылды.




«Botai Development» АҚ – Көкшетау қаласының аумағында сауда ойын-сауық орталығын салу жөніндегі инвестициялық жобаны іске асырды.

Жобаның құны – 6 млрд теңге, салық түсімдері – 507 млн теңге, жұмыс орындарының саны – 150.

Жобаны іске асыру барысында уәкілетті орган формальды негіздерге (ұсынылған құжаттардың толық болмауына) сілтей отырып, инвесторға су бұру және ауыз сумен жабдықтау жүйелеріне қосылуға арналған техникалық шарттарды беруден бас тартқан.

Прокуратураның үйлестіруімен инвестор және мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен кеңес өткізіліп, оның қорытындысы бойынша техникалық шарттарды беру мәселесін жедел түрде реттеу жөнінде тапсырмалар берілді.

Нәтижесінде инвестордың проблемалық мәселесі оң шешімін тауып, инвестициялық жобаның іске қосылуына ықпал етті.



ИНВЕСТОР А.Е. ТАШЕНОВТИҢ ПІКІРІ



«Техникалық шарттарды беру кезінде уәкілетті органдардың заңсыз әрекеттеріне байланысты жобаны іске асыру мерзімдерінің бұзылу қаупі болды.

Прокуратура органдарының араласуының арқасында «Botai Development» АҚ-ға техникалық шарттар беріліп, осылайша құны 6 млрд теңге болатын жобаны іске асыру мерзімдері сақталды.

«Botai Development» АҚ Ақмола облысының прокуратурасына маңызды инвестициялық жобаны іске асыруға көрсеткен қолдауы және проблемалық мәселені жедел шешуге көмектескені үшін шынайы алғысын білдіреді».



АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

3 жыл ішінде прокурорлардың, мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың көмегімен **7 жоба** іске қосылды.



«ГРК Бенкала» ЖШС Ақтөбе облысында темір кендерін құрғақ магниттік сепарациялау фабрикасын салу жобасын іске асыруда.

Жобаның құны – 8,5 млрд теңге, 170 жұмыс орны құрылды.

Инвестор ұзақ уақыт бойы формальды негіздермен техникалық шарттарды ала алмай, газ желілеріне қосылу туралы шарт жасай алмаған.

Прокуратураның бастамасымен бұл мәселе Өңірлік инвестициялық штабтың қарауына шығарылды.

Нәтижесінде инвесторға техникалық шарттар беріліп, Ақтөбе облысының газ желілеріне қосылу туралы шарт жасалды.

Осылайша, өндірісті тұрақты іске қосу және кәсіпорынды жобалық қуатына шығару қамтамасыз етілді.



ИНВЕСТОР Б.Ж. АҚЖОЛОВТЫҢ ПІКІРІ

“

«Энергетикалық ресурстар мен тасымалдау тарифтерінің жоғары болуы жобаның іске асырылмау қаупін тудырды. Прокуратура органдары көмегінің арқасында бұл мәселелер жедел шешіліп, шығындарды азайтуға және өндірістің тұрақты іске қосылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Инвесторларды нақты қолдағаны және жобаны сүйемелдегені үшін алғыс білдіреміз».



АСТАНА ҚАЛАСЫ

3 жыл ішінде прокурорлардың, мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың көмегімен **27 жоба** іске қосылды.




Түркиялық инвестор «ТУКА» ЖШС «NCity» сауда орталығын салды.

Жобаның құны – 15 млрд теңге, салық түсімдері – 90 млн теңге, жұмыс орындарының саны – 200.

Құрылыс аяқталғаннан кейін тіркеуші орган инвесторға нысанды пайдалануға беру актісін тіркеуден ресми негіздер бойынша бас тартты. Себебі – мемлекеттік актіде жер учаскесіне объектіні одан әрі пайдалану мүмкіндігінсіз салу құқығы ғана көрсетілген.

Инвестордың құқықтарын қорғау мақсатында прокуратура барлық мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен кеңес ұйымдастырып, оның нәтижесі бойынша уәкілетті органға құқықтық ұстанымы көрсетілген уәжді хат жолдады.

Қабылданған прокурорлық ден қою шараларының нәтижесінде КЕАҚ филиалы объектіні пайдалануға беру актісін тіркеуді қамтамасыз етті.



ИНВЕСТОР АТМАДЖЫ АТИЛЛАНЫҢ ПІКІРІ



«Астана қаласында «NCity» заманауи сауда ойын-сауық орталығын салу жөніндегі инвестициялық жобаны іске асыруда көрсеткен қолдауыңыз үшін Сіздерге шынайы алғысымызды білдіреміз.

Түркия Республикасынан тартылған инвестициялар көлемі 15 млрд теңгені құрайды.

Жобаны іске асыру қалалық инфрақұрылымды дамытуға және 200-ден астам жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

Құқықтық мәселелерді жедел шешкені үшін Астана қаласының прокуратурасына, сондай-ақ жобаны белсенді қолдағаны үшін Астана даму орталығына алғысымызды білдіреміз.

Біздің бірлескен күш-жігеріміз стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге және Қазақстанның орнықты дамуына одан әрі үлес қосатынына сенімдіміз».



АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

3 жыл ішінде прокурорлардың, мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың көмегімен **16 жоба** іске қосылды.




«ТЕМА RETAIL KZ» ЖШС «Көтерме-тарату орталығын салу» (қоймалар) инвестициялық жобасын іске асырды.

Жобаның құны 30 млрд теңге, жұмыс орындарының саны – 150.

Кәсіпорында инженерлік желілердің көршілес жер учаскесінде орналасуына байланысты инженерлік коммуникацияларды жүргізу кезінде қиындықтар туындап, бұл жобаны одан әрі іске асыруға кедергі келтірді.

Прокуратура мәселені зерделей отырып, оны реттеудің құқықтық тетіктерін, оның ішінде қажетті жер учаскелеріне жеке сервитут белгілеуді ұсынды.

Нәтижесінде сервитут бекітіліп, бұл жобаны сәтті іске асыруға және пайдалануға беруге мүмкіндік туғызды.



«ТЕМА RETAIL KZ» ЖШС-НЫҢ ПІКІРІ

“


«Инвестициялық жобаны іске асыру барысында туындаған мәселелерді реттеуге көрсеткен жәрдемі үшін прокуратураға алғыс білдіреді. Прокуратура қабылдаған шаралардың арқасында әкімшілік кедергілер жойылып, жобаның уақтылы іске қосылуы қамтамасыз етілді».



ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

3 жыл ішінде прокурорлардың, мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың ықпалумен **6 жоба** іске қосылды.






«САКОТА КОРПОРЕЙШН» ЖШС Өскемен қаласында «Maxi Mall» сауда ойын-сауық орталығы мен әкімшілік кешенін салу бойынша инвестициялық жобаны іске асырды. Жобаның құны – 11 млрд теңге, жұмыс орындарының саны – 500.

Кәсіпорында объектіге кірме жолды келісуден уәкілетті органдардың бас тартуына, сондай-ақ жер учаскесін жалдау шартын ұзартпауына байланысты қиындықтар туындап, бұл жұмыстардың тоқтатылуына әкеп соқты.

Келісуден бас тартудың себебі егжей-тегжейлі орналастыру жоспарында объектінің нақтылауы болмауы, ал жалдау мерзімдері формальды негіздермен ұзартылмаған.

Прокурорлық қадағалау актісін қарау нәтижелері бойынша уәкілетті орган инвестордың мәселелерін шешіп, бұл жобаны уақтылы іске қосуға мүмкіндік берді.



«САКОТА КОРПОРЕЙШН» ЖШС-НЫҢ
ДИРЕКТОРЫ М.М. ӨТЕПБЕРГЕНОВТИҢ ПІКІРІ



«Сакота Корпорейшн» ЖШС инвесторлардың құқықтарын қорғағаны және қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыруға көрсеткен жәрдемі үшін прокуратура органдарына алғысын білдіреді.

«Maxi Mall» сауда-ойын-сауық орталығын салу жобасын іске асыру барысында Өскемен қаласының прокуратурасы мен ШҚО прокуратурасының қолдауымен әкімшілік кедергілер жедел түрде жойылып, объектіге кіреберіс жол келісілді және жер учаскесін жалдау мерзімі ұзартылды.

Қабылданған шаралар қосымша қаржы тартуға және бүгінде жұмыс істеп, өңірдің дамуына үлес қосып отырған жобаны табысты аяқтауға мүмкіндік берді».



ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

3 жыл ішінде прокурорлардың, мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың көмегімен **5 жоба** іске қосылды.



«Korcem» ЖШС Қордай ауданында цемент зауытын салу бойынша инвестициялық жобаны іске асырды.

Жобаның құны – 50 млрд теңге, жұмыс орындарының саны – 400.

Жобаны іске асыру барысында инвестор ұзақ уақыт бойы формальды негіздермен электр желілерін тарту және қосалқы станция салу үшін қажетті жер учаскесін ала алмаған.

Прокурорлық ден қою шараларының нәтижесінде жер комиссиясының шешімімен жер учаскесін беру мәселесі қанағаттандырылып, қосымша жер учаскесі бөлінді.

Бұл жобаны іске қосуға мүмкіндік берді.



ИНВЕСТОР С. ЩЕРБАКОВТЫҢ ПІКІРІ



«Korcem» ЖШС-ның жер мәселесін шешуге көрсеткен жәрдемі мен қолдауы үшін прокуратураға шынайы алғысын білдіреді.

Прокуратураның жұмысы Қазақстан Республикасы Президентінің инвесторлардың құқықтарын қорғауға, заңдылықты қамтамасыз етуге және елде қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыруға бағытталған саясатын іске асырудың айқын дәлелі болды.

Прокуратура қабылдаған шаралардың арқасында инвестициялық жобамызды одан әрі іске асыру үшін барлық қажетті жағдайлар қамтамасыз етілді.

Осының барлығы бизнес қауымдастығының прокуратура органдарына деген сенімін нығайтуға және қолайлы инвестициялық климаттың қалыптасуына ықпал етті».



ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ


3 жыл ішінде прокурорлардың, мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың көмегімен **12 жоба** іске қосылды.



«BARS TECHNOLOGIES» ЖШС автоклавсыз газоблоктар өндіретін зауыттың құрылысын жүзеге асыруда. Инвестиция көлемі - 800 млн теңге, жұмыс орындарының саны - 80, салық түсімдері - 39,5 млн теңге.

2023 жылы индустриялық аймақтың басқарушы компаниясы ЖШС-мен жер учаскесін жалдау шартын бұзған, содан кейін жаңа басқарушы компания - «Zhetysu Invest» ЖШС оны қайта жасасу тетігінің жоқтығын алға тартып, жаңа шартқа қол қоюдан бас тартқан.

Инвестордың құқықтарын қорғау мақсатында прокурорлық қадағалау актісі енгізілді. Қарау нәтижелері бойынша инвестордың заңды құқықтары қалпына келтірілді: жер учаскесін жалдау шарты жасалды, ал ЖШС қайтадан индустриялық аймақтың қатысушысы деп танылды (салықтық және кедендік жеңілдіктер, инженерлік инфрақұрылымға қосылудың жеңілдетілген тәртібі және т.б. ұсынылады).



«BARS TECHNOLOGIES» ЖШС ДИРЕКТОРЫ
Ж.И. ҚОНАҚБАЕВАНЫҢ ПІКІРІ



«BARS TECHNOLOGIES» ЖШС Жетісу облысының прокуратурасына көрсетілген көмек пен заңды құқықтарымызды қорғағаны үшін шынайы алғысын білдіреді.

Тек прокуратураның араласуының арқасында ғана біздің құқықтарымыз қалпына келтіріліп, «Zhetysu Invest» ЖШС бізбен қайта жер пайдалану шартын жасады.

Бұл инвестициялық жобамызды толық көлемде іске асыруға және әрі қарай кеңеюге мүмкіндік берді.


Прокуратура қызметкерлерінің мұқият қарауы мен кәсібилігінің арқасында біз өз құқықтарымыздың нақты қорғалуын және ертеңгі күнге деген сенімді сезінеміз».



БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

3 жыл ішінде прокурорлардың, мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың көмегімен **16 жоба** іске қосылды.





«Batysmineralsu» ЖШС минералды, емдік-асханалық бөтелкедегі су және алкогольсіз сусындар өндіру бойынша инвестициялық жобаны іске асыруда. Жобаның құны – 1,2 млрд теңге, салық түсімдері – 135 млн теңге, жұмыс орындарының саны – 25.

Алты ай бойы уәкілетті органның жер учаскесін беру тәртібін, оның ішінде қажетті құжаттар тізбесін дұрыс түсіндірмеуіне байланысты кәсіпорын ауданы 1,9 га болатын қосымша жер учаскесін ала алмаған.

Инвестордың құқықтарын қорғау мақсатында прокуратура органдары мәселені Фронт-офис отырысында қарауға бастамашылық жасап, ведомствоаралық талқылау өткізді, сондай-ақ уәкілетті органға құқықтық ұстанымы көрсетілген уәжді хат жолдады.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде инвесторға қосымша жер учаскесі бөлінді. Қазіргі уақытта кәсіпорын тұрақты жұмыс істеп, өз өнімін табысты өткізуде.



ИНВЕСТОР С.А. САДОВСКИЙДІҢ ПІКІРІ



«Өндірісімізді кеңейту үшін жер учаскесін беру туралы өтініш жасадық, алайда мемлекеттік органдар бас тартты.

Осыған байланысты біз прокуратура органдарына жүгінуге мәжбүр болдық.

Біздің мәселеміз Фронт-офис отырысында қаралып, өндірісті кеңейту үшін жер учаскесін бөлу туралы шешім қабылданды.

Осылайша, прокуратура органдары аталған мәселені шешуге көмектесті, соған байланысты Батыс Қазақстан облысының прокуратурасына алғысымызды білдіреміз».



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

3 жыл ішінде прокурорлардың, мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың көмегімен **16 жоба** іске қосылған.



«Тесис» ЖШС күн электр станциясын салу бойынша инвестициялық жобаны іске асырды. Жобаның құны – 11,5 млрд теңге, салық түсімдері – 985 млн теңге, жұмыс орындарының саны – 40.

Жобаны іске асыру барысында уәкілетті орган формальды негіздермен ауданы 0,1 га жер учаскесін беру мәселесін созбалаңға салды.

Инвестордың құқықтарын қорғау мақсатында прокуратура инвестор және барлық мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен кеңес ұйымдастырып, оның қорытындысы бойынша уәкілетті органға құқықтық ұстанымы көрсетілген дәлелді хат жолдады.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде жер беру мәселесі шешіліп, жобаны дер кезінде пайдалануға беруге мүмкін болды.



ИНВЕСТОР «ТЕСИС» ЖШС ДИРЕКТОРЫ ДАН
НИННІҢ ПІКІРІ



«Шешімнің дер кезінде қабылданбауы жобаны іске асыру мерзімдерін бұзу, сондай-ақ шығындардың өсу қаупін туындатты.

Прокуратура органдарының араласуының арқасында «Тесис» ЖШС нысанды «Уранэнерго» ЖШС электр желілеріне қосу үшін қажетті жер учаскесін алып, құны 11 млрд теңгені құрайтын жобаны іске асыру мерзімдерін бұзу тәуекелін болдырмады. Қазіргі кезде күн электр станциясында 40 қызметкер жұмыс істейді және тағы 60 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарлануда.

Инвесторларды қолдағаны және электр желілеріне қосылуды қамтамасыз етуге көмектескені үшін прокуратура қызметкерлеріне алғысымды білдіремін».



TÜRKİSTAN ОБЛЫСЫ

3 жыл ішінде прокурорлардың, мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың көмегімен **20 жоба** іске қосылды.

Инвестиция көлемі

107 млрд теңге

Құрылды

1,4 мың жұмыс орны

Салық түсімдері

60 млн теңге

«ECOCULTURE-EURASIA» ЖШС 51 га аумақта жылыжай кешенін салу бойынша инвестициялық жобаны іске асырды.

Жобаның құны – 42 млрд теңге, салық түсімдері – 17,1 млн теңге, жұмыс орындарының саны – 1 мың.

Кәсіпорында қуаты 6 МВт болатын қосымша трансформатор орнату, сондай-ақ 150 м³/сағатына су және 120 м³/сағатына газбен қамтамасыз ету қажеттілігі бойынша мәселелер туындаған.

Уәкілетті органға прокурорлық қадағалау актісін енгізу нәтижесінде инвесторға электр энергиясы, сумен жабдықтау және газдандыру бойынша қосымша қуаттар беру қамтамасыз етілді.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде нысан пайдалануға берілді.



ЖШС ПРЕЗИДЕНТІ А.С. РУДАКОВТЫҢ ПІКІРІ


“

«Өз атымнан Келес ауданының прокуратурасына алғысымды білдіремін, жұмыстарына табыс және абыройлы қызмет тілеймін».



ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ

3 жыл ішінде прокурорлардың, мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың көмегімен **2 жоба** іске қосылды.



«Mezgilder Qushteri» ЖШС жел электр станциясын салу жөніндегі инвестициялық жобаны іске асыруда. Жобаның құны – 75 млрд теңге, салық түсімдері – 778 млн теңге, жұмыс орындарының саны – 11.

Жобаны іске асыру барысында инвесторда бірқатар проблемалық мәселелер туындады.

Кәсіпорын мемлекеттік қайта тіркеудің күшін жоюға байланысты дауға тартылып, сондай-ақ КЕАҚ-да жер учаскелерін жалға алу құқықтарын тіркеу кезінде қиындықтарға тап болған.

Инвестордың құқықтарын қорғау мақсатында прокуратура уәкілетті органның атына қадағалау актісін енгізді.

Нәтижесінде проблемалық мәселелер инвестордың пайдасына шешілді.

Жоба іске қосылып, 16 жел электр станциясы жұмыс істеуде, жаңа жұмыс орындары құрылды.



ИНВЕСТОР Б.Ж. ҚАЗАНБАЕВТЫҢ ПІКІРІ

“

«Mezgilder Qushteri» ЖШС Ұлытау облысы Сәтбаев қаласының прокуратурасы ұжымына және Сізге шын жүректен алғыс білдіреді.

Жобаны іске асыру барысында серіктестік жер учаскелеріне құқықтарды тіркеу кезінде қиындықтарға тап болды. Сәтбаев қаласының прокуратурасы тарапынан көрсетілген қолдаудың арқасында бұл мәселе қысқа мерзімде шешімін тапты.

Соның нәтижесінде серіктестік елеулі экономикалық шығындардың алдын алып, Қазақстанда жаңартылатын энергия көздерін дамытуға бағытталған жобаны іске асыруды жалғастыру мүмкіндігіне ие болды.



